

Әбжанов Қ.  
**Телеарнадағы тақырыпқа  
тереңдеу тәжірибесі**

Мақалада «Қазақстан» телеарнасында бүгінгі медицина қызметі турасында бірнеше проблема көтерілгені сөз болады. Қысқа сюжеттер арқылы күрделі мәселелерді эфирге шығарудағы тележурналистердің ізденіс нәтижелері ғылыми түрде сарапталады. Нақтылар болсақ, бала мен аналар ауруларының ел-жұртқа үлкен қауіп төндіріп тұрғанын телешығармашылар бейнебаян-фактілермен бере білген. Сондай фактілерді тізбектей келе, проблеманы тудырып отырған жағдайды тапқан. Ол–Қазақ медицина Академиясындағы педиатрия факультетінің болмауында. Телеберілімдерді зерттей келе, автор журналистердің осы орайдағы шығармашылық шеберліктерін ғылыми бағамдап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** «Қазақстан» телеарнасы, медицина қызметі, педиатрия факультеті, шығармашылық шеберлік.

---

Abzhanov K.  
**Experience in-depth study  
of the topic on TV**

This article is dedicated to the challenges of the channel «Kazakhstan» relating to modern medicine. The work displays the results of scientific research, journalism investigation and processing of available information. TV journalists were able to identify and raise complex issues such as illness of mother and child, posing a threat to all humanity. Showing the real facts, the authors reveal the gears «root of all evil.» Among those, the lack of faculty of pediatrics at the Medical Academy. The problem is that the lack of staff, lack of professionalism and pediatricians. The article analyzes the creative techniques that can serve as an example for young TV journalists.

**Key words:** channel «Kazakhstan», health care, Department of Pediatrics, creative level.

---

Абжанов К.  
**Опыт углубленной разработки  
темы на телевидении**

В статье говорится о поднятии телеканалом «Казахстан» проблем, касающихся современной медицины. Приводятся результаты научного исследования, журналистского поиска и обработки имеющейся информации. Тележурналисты сумели выявить и поднять сложные проблемы в кратком сюжетном жанре. Такие, как болезнь матери и ребенка, представляющие угрозу всему человечеству. Показывая реальные факты, авторы передач выявляют «корень зла». В числе таковых, отсутствие факультета педиатрии в Медицинской академии. От этого и нехватка кадров, и непрофессионализм детских врачей. В статье проводится анализ творческих приемов, которые могут служить примером для молодых тележурналистов.

**Ключевые слова:** телеканал «Казахстан», медицинское обслуживание, педиатрический факультет, творческое мастерство.

**ТЕЛЕАРНАДАҒЫ  
ТАҚЫРЫПҚА ТЕРЕҢДЕУ  
ТӘЖІРИБЕСІ**

Қазақстан телевизиясының тұңғышы – «Қазақстан» телеарнасы көп жағдайда әлеуметтік маңызы зор, халық өміріндегі өзекті мәселелерді дәл тауып көтере біледі. Ондағы шығармашылар күнделікті өмірде жаңа туындаған қоғамдық пікірді кезінде байқап, ізін ала сол мәселені көгілдір экранға шығару бағытында құлшынысты еңбек ететіні көңілге қонымды-ақ. Ал теориялық тұрғыдан келгенде, мұның өзі – нағыз журналистерге тән қасиет. Қоғамдық пікірді тудыратын ақпарат дейтін болсақ, сол ақпараттың шығу себебін, оның адамзат өміріне нендей ықпал-әсер ететінін етене зерттеу де журналистің үлкен жауапкершілікпен атқаратын жұмысы.

Жуырда «Басты байлық–денсаулық» тақырыбы бойынша аталмыш телеарна, көптен айтылып келе жатқан өзекті мәселені тиянақтай түсіп, сериялы түрде телеберілімдер жасап, қайталап, еселей түсіп көтерді. Бұл мәселе бұрын да басқа ақпарат құралдарында айтылып-жазылып жүр ғой. Қанша жазылса да тұрарлық тақырып екенінде күмән жоқ. Өйткені бұл жерде бала дәрігерлеріне байланысты түйінді де, толғақты әрі көпшіліктің көкейінде жүрген әңгімені өрбіте алған.

Айтқалы отырғаным – «Арнайы репортаж» делінген айдармен берілетін, ақпараттық жанрдағы, телеберілімдер топтамасы. Бұлар айтылатын мәліметтердің мән-маңызына қарай, хронометражы – бір-жарым минутке дейінгі көлемдегі жәй сюжеттер мен бес минутқа дейін ұзартылып берілетін кеңейтілген сюжеттер. Міне осындай мүмкіндігі шектеулі шағын жанр арқылы медицина, оның ішінде педиатрия турасындағы келелі мәселелерді, нақты фактілермен айғақтап, орынды ойтүйіндер келтіре білген.

Бала дегенде бауыр етіміз елжіреп тұратын халықпыз. Баламыз ауырса жанымызды қоярға жер таппай, зар илеп жүріп дәрігерден дәрігер қалдырмай емдетеміз. Жасыратыны жоқ, көп жағдайда ем қонбай, шипа дарымай жатады. Өз медицинамыздың қауқары жетпей, ел асып ем іздеп кететін кездеріміз де аз болмай тұр. Сондай кездерде біз дәрігерлерді даттап береміз. Екінің бірінде: «пара бермесе қарамайды», «әдейі теріс емдейді»... қойшы әйтеуір бар пәлені жасайтын медицина қызметкерлері деп шығамыз. Дәл осы жәйттер, бүгінде кең таралып қоғамдық пікірге айналған. Әсіресе бала ауруларының төзімге

симай өршіп бара жатқаны тележурналистердің кәсіби намысын қозғаған сыңайлы.

Сөзіміз жалаң болмас үшін, соңғы екі-үш ай бедеріндегі «Арнайы репортаж» телеберілімі жарыққа шығарған фактілердің біршама-сын еске түсірейік: «...Оңтүстік қазақстанда былтыр, яғни 2013 жылы, 16 ананың өлімі тіркелген»; «Қызылордада, дәрігердің салғырттығынан, жас келіншек бала үстінен көз жұмды»; «Шымкенттегі перзентханада бір әйел босанып, төрт күннен кейін қайтыс болды. Бұл да дәрігердің ағаттығының нәтижесі...». Осы сияқты басқа облыстардан түсіріліп берілген сюжеттерде балалар ауруының көптеген түрлері турасында небір адам шошырлық фактілер көрсетіледі. Тағы айтар болсақ, балалардың індет кеселдері, сал боп қалуы, кеміс болып дүниеге келуі, қойшы әйт-еуір, естігенде аза бойың қаза болатындай жәйттерді естіп-көреміз. Көреміз де, осы дәрігерлер қайда қарайды, деп күңірене күрсінеміз!..

Жо-жоқ, бұл мәселенің бер жағы ғана болып шықты! Жараның бетін ғана емдеп, өзегіне жете алмайтындай себеп бар екен.

Байқап қарасақ, адам жанының арашашысы деп жүретін қам-қоршыларымызды кейде бекер қаралайды екенбіз. Олар ауруға салғырт қарайды, немесе ақша талап етіп айналып кете барады дейтініміз кең жайылып, орныққан әдет деудің өзі ағаттық екен. Мұндай жағдайлар жоқ деп те айта алмаймыз. Бірақ бұл «Бір қарын майды бір құмалақ шірітедінің» кері деп ойлаған дұрыс. Олай дейтініміз, елімізде бала ауруының етек жайып бара жатқаны да, оларды емдеудің сапасы төмендеуі де, біріншіден, дәрігерлердің аздығынан, екіншіден арнайы бала дәрігері–педиаторлардың аздығынан екенін екіншісі біле бермейді. Кез-келген дәрігерге не емханаға барсаңыз қат-қабат кезек. Қабағы түйіліп, кеудесі бүгіліп азаптанып отырған науқастарды көресіз. Баланың ауруына қосыла қысылып, зар илеген аналардың жансебіліне қинала қарайсың! Әрине бұл жерде дәрігерлердің кәсіби деңгейінің төмендігі мен этикалық ағаттықтары да өз кесірін тигізіп жатады. Десек те мұның өзі мұхиттағы

мұз таудың су бетіне шығып жүретін тақиясы ғана. Халыққа қиянат негізінен маман, қабілетті, қасиет қонған дәрігерлердің тапшылығынан туындап отыр. Әсіресе бала дәрігері – педиаторлар жетіспей-тіндіктен баланы маман емес, кез-келген дәрігер емдеуге мәжбүр болатын жағдайлар көп кездеседі екен. Осыны «Қазақстан» телеарнасының «арнайы репортаж» деп айдарлап берген хабарлары дәл айтпаса да, тұспалдап түсіндіріп беріп жүр.

Үстіміздегі жылы, желтоқсан айының 6 жұлдызында аталмыш арнадан осы мәселе көрер көзге, есітер құлаққа қанығатындай сюжет берілді. Сонда еліміздің бас педиаторы деуге болатын, медицина ғылымдарының докторы, академик К.С. Ормантаев, ...Жоғарыда отырған кісілердің бірі бізге педиатрия факультеті қажет емес деп айта салған, сонымен факультет жабылды деп, байсалды күйде болса да, терең толғанысты үн ырғағымен айтқан еді. Иа сырт көзге осылай көрінген еді. Осы сөзді өрбіте келе телеберілім шығармашылары тағы біршама ғылыми лауазымды дәрігерлерден сұхбат алды. Ол кісілердің айтқандарынан білгенім, Алматы Медицина академиясынан педиатрия факультетін ашуға толық мүмкіндік бар. Мұнда осы саланың мамандары да жетерлік екені белгілі болды. Осының жоғын жоқтап, кетігін түзеуге құлшыныс білдіретін құзырлы органдар болса, жоғдай жөнделер деген үміт бар екенін тележурналистер көрсете білген.

Ал қазір бала дәрігері арнайы маман ретінде толық бағдарламамен оқытылмайды. Осы телеберілімнің мәліметі бойынша түсінгенім, бала дәрігерін дайындауға арналған бір пән студенттерге арнайы ма, таңдау пәні ме, сондай бір жеке курс ретінде оқытылатын болып шықты. Бұл дегеніңіз халыққа барынша қажет мамандықты даярлау ісін жетексіз қалдыру деген сөз. Өкінішті-ақ!

Міне осындай сүбелі проблеманы, дәлірек айтқанда халық мұқтажын аса жанашырлықпен баян етуі Қазақ телевизиясы шығармашыларының, ұтымды істерінің бірі деп бағалау керек. Салардың қатарында біздің ҚазҰУ-дың түлектері де бар екені бізді қанағат сезіміне бөлейді!

## References

- 1 Z.Kabdolov. Coz oneri. – Алматы, 2004.
- 2 M.Barmankulov. Televidenie: dengi ili vlast. – Алматы, 2002.
- 3 Aleshina L.G. O veshlivosti, o takte, o delikatnosti. – L., 1990.
- 4 «Teleradio khabarlaryn taratu turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2012 zhylygy 18 qantardagy № 545-IV Zany/ adilet.zan.

kz saity